

**Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік мұқтажын қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық ресурстардың төлем жөніндегі есеп айырысу-ақша құжаттарының өңделуі мен жүруін тездету туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 23 сәуір 1993 ж. N 157-ө

Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік мұқтажын қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық ресурстардың төлем жөніндегі есеп айырысу-ақша құжаттарының өңделуі мен жүруін тездету мақсатында:

Ауылшарминінің, "Қазастықөнімі" концернінің, "Қазтамақ-өнеркәсібі" МҚБ, "Қазагроөнеркәсіптехника" республикалық бірлестігінің, "Қазмелиорация" концернінің, "Қазагрожөнмаш-холдинг" компаниясының және Қазауылшаракадемиясының айналымына 1993 жылғы 25 сәуірден бастап, "АӨҚ Меммұқтажы" белгісімен 0401002 нысандағы қиғаш қызыл жолақты төлемдік тапсырма енгізілгені жөн деп танылсын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі және агроөнеркәсіп кешенінің ұйымдары мен кәсіпорындарына қызмет көрсететін коммерциялық банктер аталған төлемдік тапсырмаларды төлеуге қабылдауды және барынша қысқа мерзімде өңдеуге тиісті бақылауды қамтамасыз етсін.

Премьер-министрі